

ХАТТАМА № 1

2024 жылғы

Күні: 29.08.2024 ж

Қатысқандар: Мектеп директоры м.а - Канапин Д.А

ДТДЖО- Карабаева Э.М

Мектеп психологы –Ракишева А.Е

Әлеуметтік ұстаз- Курмантасова А.К

«Айгөлек» шағын орталығының педагог-психологы- Хамитова А.А

Күн тәртібінде:

1. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің құжаттарын бекіту (ППҚҚ құру туралы бұйрық, ППҚҚ жұмысының жоспары)
2. Ерекше білімді қажет ететін оқушыларды анықтау

Тыңдалды:

1-ші мәселе бойынша мектеп директорының м.а Канапин Даулет Абайевич сөз алды. Өз сөзінде 2024-2025 оқу жылындағы мектептегі психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің құрамымен таныстырып, отырысты ашты.

Сөйледі: директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Карабаева Эльмира Миндикеевна. Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдау екі кезеңнен тұратынын айтып өтті.

Бірінші кезең: Жалпы білім беру ұйымының басшысы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін ұйымдастыру туралы ережені, ППҚҚ құрамын және міндеттерін бекітеді. Құрылған жоспардың уақытылы орындалып отыруын қадағалайды.

Екінші кезең:

ПМПК ұсынымы негізінде ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың тізімін анықтап бекітеді. Жеке оқу жоспарын немесе бейімделген білім беру бағдарламасын қажет болған жағдайда бекітеді.

2-ші мәселе бойынша Мектеп психологы Ракишева Айгерим Ерсайиновна сөз алды. 2023-2024 оқу жылында ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар тізімінде 2 оқушы болды. Биылғы оқу жылында сол тізім еш өзгеріссіз қалды. Бастауыш сыныптағы И есімді оқушының ПМПК ұсынған анықтамасы осы оқу жылының соңына дейін берілген болатын. Ал 9-сынып оқушысы А анықтамасы осы оқу жылына жаңартылды. Бұл оқушы үйде оқитын бала.

Шешімі:

1. ППҚҚ құрамы мен жұмыс жоспары бекітуге ұсынылсын.
2. ЕББҚ оқушылар тізімі бекітілсін.

ППҚҚ төрайымы:  Карабаева Э.М

Хатшы:  Курмантасова А.К